

МҮМКІНДІК ЖАЙЛЫ

Мүмкіндік жайында әңгіме қозғалса, көбіміз қиындықты еске аларымыз анық. Бірақ, барлығы өзіміздің ойымыздан бастау алары анық емес пе?! Осы тұрғыда, барлық жерден дос таба біліп, жақсы дүниелер ойлаған абзал:

Өз қалауың болса егер жан досың,
Түрлі сыйды күте білші, сен тосын.
Жақын адам көп болғаны қолдау ғой,
Әр адамда болса бір-бір Ай-Досың!

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз, бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

Сапаев Бексултан, Абишев Медеу

ӨМІРДІҢ ӨЗІ ДЕ ҰСТАЗ

Өмірдің өзі де ұстаз. Бірақ осынау «ұстаз» сөзінің астарында мыңдаған білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқай бермейміз. Ұстаз болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелу, қанаттандыру, жаны мен тәнін, болмысы мен барын беру тек ұстаздың қолынан келетін қасиеттер.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, мен өз сөзімді бастайын. Бүгінгі тақырып, бұл қоғамда болып жатқан соңғы өзгерістерге қатысты болып отыр. Бірақ қандай да болмасын өзгерістерде өзін биіктен көрсететін қара шаңырақ ҚазҰУ-ды айтпасқа болмас. Себебі жаңғыру жолындағы елімізге жас маманның алар орны ерекше. Осы тұста Елбасымыз қазіргі таңда білімге өте көп көңіл бөліп отыр. Сол үшін де біздегі жас маман болашақтың кепілі десек артық айтқанымыз болмас. «Жаңғыру жолындағы жас маманның алар орны қандай?» деген сұраққа жауапты төмендегіше берер едім. Ол маман қазіргі заманға сай ойлай алатын, өз мамандығының нағыз иесі, өз мамандығын сүйетін, жан-жағындағылардың барлығын құрметтейтін адам болуы шарт. Ол маман жастарға үлгі бола отырып, өмірде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін көрсете алуы керек. Келешек жас ұрпақ осыған қарап, тәлім-тәрбие алып, болашақта ел тізгінін ұстай алатындай болып өсуі қажет. Сол үшін де жаңғыру жолындағы жас мамандардың рөлі өте жоғары.

Міне, мендегі көңілді жарған ойлардың басы осы. Енді осыған дейін қандай кемшіліктер болды. Соған қатысты өз ойымды ортаға салсам. Әр адам өзінше тұлға болып қалыптасатыны секілді, әр адамның қоғамда болып жатқан өзгерістерге қатысты өз ойы бар. Білімге қатысты келер болсақ, осыған дейін білім саласында түрлі өзгерістер орын алуда. Балалардың қабілетіне қарай жоғарыдағы министрлік түрлі шешімдерді қабылдауда. Осыған орай қазіргі таңдағы білім ғасырға сай өз қаңқасын құрып келе жатыр деп айтуға әбден болады. Бірақ осы мақсаттарды жүзеге асыруға Елбасы жас мамандарды қойып отыр. Себебі жас мамандардың бұл тұрғыда алар орны ерекше. Бүгінгі жас маман, ертеңгі толыққанды өз саласының иесі болары анық. Сол үшін де бірнеше жобалар жастарға арналып ұйымдастырылуда. Оларға берілген талап, өз мамандығының нақты иесі бола білу. Қазіргі таңда дамимын, дамытамын деуші ұрпаққа мүмкіндік өте көп. Жасы үлкейген азаматтар сияқты емес, күш-қайраты тасып тұрған сәттерінде сол күшті білімге, ғылымға, жаңа дүниелерге салса, еліміз одан әрі жанданары сөзсіз.

Адехан Эдман Біржанұлы, Бекбұсын Алдияр Мақсатұлы, Муканов Мадияр Муканович, Тасбулатов Асыл

ӨЗІҢЕ СЕН, ӨЗІҢДІ АЛЫП ШЫҒАР

Өмірдің мәнін түсінбес бірі екінің,
Өзгеге емес, өзіңе болсын сенімің!
Жақсы сөзбенен жаныңа шуақ шаша біл,
Жарқырап тұрсын, жүректе гүлдей сезімің!

Мақаламды осы бір өлең шумақтарымен бастауды жөн көрдім. Жалпы, адам тұлға болып қалыптасуы үшін не нәрсе қажет? Мінеки, бұл маңызы бар сұрақ. Себебі, егер адам елін сүймесе, оны қадірлеп, қастер тұтпаса, онда ол қанша жерден тұлға болуға тырысса да, ол бола алмайды және оның өзгелер алдында қадірі де болмайды. Қазақ елі кең байтақ жерімен белгілі. Бірақ сол жерге аталарымыз білектің күшімен жеткенін есімізден шығармаған жөн.

Ал, бүгінгі таңдағы мәселе қайсы? Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда, тіпті, өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілін-

де білмеу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілінде білмеу ұят, мінеки, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды аштыртады. Бірақ, амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүйуді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, өзіміздің қара шаңырақ Қазақ Ұлттық университетіміздің студенттерін осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

«Кең дүние, тосiңдi аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менiң.
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенiм,
Бура бұлттар – бусанып терлегенiм.»

Турсын Есжан, Абишев Медеу

АДАМДЫ АДАММЕН ТЕҢЕСТІРЕТІН – БІЛІМ

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп М. Әуезов атап көрсеткеніндей, егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты.

Баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар беру қажеттілігін әр мұғалім осыдан-ақ түсінуі керек. Ол үшін дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі, нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай ізденуі, жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы, ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы, оқушымен жиі қарым-қатынаста болуы сияқты талаптарды орындайды. Ж. Руссо баланың өз бетінше білім-танымдық, шығармашылық әрекет идеясына үлкен мән берді. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілікті, белсенділік пен өзбеттілік ұстанымдарның маңыздылығына көңіл бөлді. Міржақып Дулатов қазақ арасында көбіне көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге зерек, дарынды балаларды оқытып тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір психологиялық астарына үңіледі. Ол «Туысында қанша зеректік болса да – ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатында не нәрсеге шеберлік барын сезіп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда көріп тұрғандай боласың...» деп қорытындылайды.

Бұл әңгімені неге айтып отыр десеңіз, біз қара шаңырақтан түлеп ұшқан ұстаздармыз. Шәкірт тәрбиелеуде тәжірибе алмасып, дұрыс, бұрысын зерделеп, қарап жүрген түлектерміз. Маған қара шаңырақ ҚазҰУ көп нәрсені үйретті. Соның ең маңыздысы ол – адамгершілік. Бұл қасиетпен адам жанына біраз жақындарын жинай алады. Мен де сол жандардың бірімін.

Ерсін Ердәулет, Хабалаш Ануарбек, Сабиров Амир

ЖАҢА СТУДЕНТ ТҰЛҒАСЫ

ҚазҰУ кредиттік жүйеге өткелі, біраз өзгерістерді өткеруде. «Ол не үшін қажет?» деген сұраққа бүгін жауап беріп көрейік.

Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы, Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы кредиттік оқыту технологиясының ендірілуіне жол ашты. Кредиттік оқыту жүйесін ендіру және оқыту жүйесін жетілдіру әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, оның ішінде еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді қажет етеді. Қазақстанның Лиссабон Конвенциясына қол қоюы елімізді халықаралық бағдарламалар мен келісімдердің мүшесі етті. Болон процесіне қосылу еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жасауға әкелді. Бұл заң арқылы қазақстандық білім берудің жаңа мүмкіндіктері ашылды:

- адамдарға өздері қалаған жерде білім алу мүмкіндігін беру;
- кез келген ұлттық білім беру жүйесімен сәйкес келуі;
- жоғары білім берудің формалары мен бағдарламаларының барлық түрлерінде қолдануы (күндізгі, кешкі, қашықтықтан оқыту, сырттай);
- халықаралық сынақ ауысымын жасау мүмкіндігі;
- дипломдардың жалпыеуропалық дипломдарға сәйкес келуі.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру – қоғамның басты мәселесі. Ұстаздардың кәсіби даму үдерісін дамыту барысында ЖОО-ның даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған.

Ал шәкірт үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс-тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның болашағы зор болары анық.

Карке Саят, Маратов Рауан, Умирзаков Даурен